

**Копжасарова Сагынгуль Избасаровнанын**  
**«Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілелерінің**  
**жарамсыздығы» тақырыбына философия докторы (PhD) дәрежесін алу**  
**үшін дайындаған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы құқықтық және экономикалық қатынастарды жаңғыртуға бағытталған ғылыми басымдықтарға сәйкес келеді. Зерттеуде қарастырылған оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселесі аталған рәсімдердің әділ жүргізілуі, кредиторлар құқықтарының қорғалуы және мүліктік активтердің негізсіз шығарылуына жол бермеу тұрғысынан маңызды. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік айналымның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және нарық қатысушыларының құқықтық сенімін арттыруға ықпал етеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарындағы құқықтық институттарды жаңғырту, кәсіпкерлік ортаны дамыту және корпоративтік сектордың жауаптылығын арттыру бағыттарымен мазмұндық тұрғыдан байланысты. Бұдан бөлек, диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасында көзделген мүліктік активтерді бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттыру, құқықтық критерийлерді нақтылау және құқықты теріс пайдаланудың алдын алу міндеттерімен де ұштасады. Жұмыстың мазмұны әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар аясындағы құқықтық зерттеулер бағытына сәйкес келеді. Осыған байланысты диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың негізгі басымдықтарына сай келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның маңыздылығы жеткілікті деңгейде ашылған. Зерттеудің ғылыми маңызы оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер

		маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселесінің дербес әрі кешенді ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылуымен айқындалады. Автор аталған институттың азаматтық құқықтағы мәміле жарамсыздығының жалпы ережелерінен айырмашылығын көрсетіп, банкроттық рәсімдеріндегі арнайы құқықтық сипатын негіздеген. Жұмыста зерттелген мәселелер қазіргі банкроттық құқығы үшін теориялық та, практикалық та тұрғыдан маңызды. Диссертацияның ғылымға қосатын үлесі заңнаманы жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар әзірлеуінен және сот практикасын біріздендіруге бағытталған тұжырымдарынан көрінеді. Осыған орай диссертациялық зерттеу құқық ғылымының дамуына маңызды үлес қосады, ал оның ғылыми маңыздылығы жеткілікті түрде ашылған деп есептеймін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Копжасарова Сағынгул Избасаровнаның диссертациялық жұмысы автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады және айтарлықтай жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер ізденушінің тақырыпты терең меңгергенін, ғылыми материалмен өз бетінше жұмыс істей алатынын және дербес ғылыми қорытындылар жасау қабілетіне ие екенін көрсетеді. Өзі жазу деңгейі: жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер активтерін сақтау, кредиторлар құқықтарын қорғау және мүліктік айналымдағы әділдікті қамтамасыз ету қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде борышкердің оңалту және банкроттыққа дейін жасаған мәмілелерін бағалау, олардың кредиторлар мүдделеріне әсерін анықтау және мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздерін дұрыс қолдану маңызды мәселе болып отыр. Аталған саладағы кейбір өлшемдер заңнамалық тұрғыдан нақтылауды қажет етеді. Диссертацияда осы мәселелер кешенді түрде қарастырылып, борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы құқықтық табиғатын ашуға және заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілген. Осы мән-жайлар диссертация тақырыбының өзектілігін толық негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде

	<p><b><u>1) айқындайды;</u></b>  2) ішінара айқындайды;  3) айқындамайды.</p>	<p>борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық табиғатын, жалпы және арнайы негіздерінің арақатынасын, сондай-ақ осы институтты қолданудың практикалық мәселелерін жүйелі түрде қарастырған. Жұмыста борышкердің мүліктік массасын сақтау, кредиторлардың құқықтарын қорғау, күдікті кезеңде жасалған мәмілелерді бағалау және адал контрагенттердің құқықтық жағдайын айқындау мәселелері қамтылған. Бұл диссертация мазмұнының зерттеу тақырыбын толық ашатынын көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b><u>1) сәйкес келеді;</u></b>  2) ішінара сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты таңдалған тақырыппен тікелей байланысты және оңалту мен банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын кешенді талдауға бағытталған.</p> <p>Зерттеу міндеттері аталған мақсаттан қисынды түрде туындайды. Жұмыста борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық табиғаты, жалпы және арнайы негіздерінің арақатынасы, күдікті кезең, талап қою мерзімдері, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайы, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру мәселелері қарастырылған. Қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбын толық ашуға бағытталған және зерттеудің ішкі логикасына сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:  <b><u>1) толық байланысқан;</u></b>  2) ішінара байланысқан;  3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған және зерттеу тақырыбын жүйелі түрде ашуға бағытталған. Жұмыста алдымен борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың теориялық негіздері қарастырылып, одан кейін оның арнайы құқықтық белгілері, қолданылу шарттары және құқықтық салдарлары талданған. Бөлімдер арасындағы байланыс сақталған: теориялық тұжырымдар кейінгі материалдық-құқықтық талдауға негіз болады, ал практикалық ұсыныстар зерттеу барысында анықталған мәселелерден туындайды. Сондықтан диссертацияның құрылымы біртұтас, ал оның бөлімдері мен негізгі ережелері өзара толық логикалық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, шетелдік заңнама, халықаралық құжаттар, ғылыми әдебиеттер мен құқық қолдану практикасы кешенді түрде талданған. Автор зерттеу тақырыбы бойынша қалыптасқан</p>

		салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	теориялық көзқарастарды зерделеп, оларды оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырған. Ізденуші қолданыстағы құқықтық реттеудің даулы тұстарын анықтап, оларды шетелдік тәжірибемен және доктриналық ұстанымдармен салыстыра отырып бағалайды. Ұсынылған тұжырымдар тек жалпы пайымдауға емес, заңнамаға, сот практикасына және ғылыми дереккөздерге сүйене отырып негізделген. Бұл диссертацияда сыни талдаудың бар екенін және автордың өзіндік ғылыми ұстанымы қалыптасқанын көрсетеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ережелер жаңашыл сипатқа ие. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ең алдымен оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселесінің кешенді түрде қарастырылуынан көрінеді. Автор Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңында көзделген арнайы негіздердің мазмұнын талдап, оларды жүйелеуге бағытталған өзіндік ғылыми көзқарас ұсынған. Зерттеуде борышкер мәмілелерінің шеңберін нақтылау, күдікті кезеңнің құқықтық мәнін айқындау, талап қою мерзімін есептеу ерекшеліктері және контрагенттердің адал ниеттілігін бағалау мәселелері бойынша жаңа тұжырымдар жасалған. Ұсынылған нәтижелер азаматтық және банкроттық құқық ғылымындағы қолданыстағы ұстанымдарды толықтырады, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру мен сот практикасын біріздендіруге бағытталған. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен негізгі ережелері толығымен жаңа деп бағаланады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселесін оңалту және банкроттық рәсімдерімен байланыстыра отырып қарастырып, осы институттың құқықтық табиғаты мен қолданылу ерекшеліктері бойынша дербес ғылыми тұжырымдар жасаған. Қорытындылар диссертацияда жүргізілген талдаудың нәтижесі ретінде қалыптасқан және теориялық әрі практикалық маңызға ие. Олар банкроттық рәсімдерінде кредиторлар құқықтарын қорғау, борышкердің мүлкілік массасын сақтау және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру мәселелерін шешуге бағытталған. Осыған орай диссертациялық

			зерттеудің қорытындылары жаңашыл сипатқа ие және жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертация заң ғылымы саласында орындалғандықтан, жұмыста ұсынылған шешімдер негізінен құқықтық және экономикалық-басқарушылық сипатқа ие. Автордың тұжырымдары банкроттық рәсімдеріндегі құқықтық айқындықты күшейтуге, кредиторлар мүдделерін қорғауға және борышкердің мүліктік массасын сақтау тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Ұсынылған шешімдер қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін талдау негізінде жасалған және практикалық тұрғыдан негізделген. Олар банкроттық рәсімдерін жүргізу барысында туындайтын даулы мәселелерді шешуге, сот практикасын біріздендіруге және қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін нақтылауға ықпал етеді. Сондықтан диссертацияда ұсынылған құқықтық, экономикалық және басқарушылық мәні бар шешімдер жаңа әрі негізделген деп бағаланады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде</p> <p><b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (куолилатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияның негізгі қорытындылары зерттеу барысында қарастырылған ғылыми әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық актілерге, сот практикасына және салыстырмалы-құқықтық материалдарға сүйене отырып тұжырымдалған. Автор зерттеу тақырыбына қатысты теориялық және практикалық мәселелерді жүйелі түрде талдап, олардың негізінде тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Жұмыстағы қорытындылар кездейсоқ пайымдауларға емес, диссертацияда жүргізілген жан-жақты талдауға, құқықтық нормаларды бағалауға және құқық қолдану тәжірибесін зерделеуге негізделеді. Зерттеу әдістері тақырыптың мазмұнына сәйкес таңдалған және алынған нәтижелерді дәлелдеуге мүмкіндік берген. Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәлелденген және негізделген болып табылады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p><b>1-тұжырым.</b></p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді (автор борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту қажеттігін негіздеп, мүліктік массаға әсер ететін өзге де заңдық маңызы бар әрекеттер мен заңды тұлға органдарының шешімдерін осы институт аясында қарастырудың маңызын көрсеткен).</p>

- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді;
- 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

**2) жоқ;**

- 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жаңа ма?

**1) иә;**

2) жоқ;

- 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

**3) кең**

- 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

**1) иә;**

2) жоқ

- 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?

- 2) жоқ (борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы ұсыныс оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі құқықтық реттеудің мазмұнын нақтылауға бағытталған. Ол мәміле ұғымын банкроттық рәсімдерінің ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырады).

7.3 Жаңа ма?

- 1) иә (борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы ұсыныс оңалту және банкроттық рәсімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған жаңа ғылыми көзқарасты білдіреді).

7.4 Қолдану деңгейі:

- 3) кең (борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы ұсыныс заңнаманы жетілдіруде, сот практикасында және банкроттық әкімшілерінің қызметінде қолданылуы мүмкін).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

**2-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді (диссертант борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін құқықтық табиғаты мен салдарына қарай жүйелеуді ұсынған. Бұл ұсыныс арнайы негіздердің мазмұнын нақтылауға және оларды қолдану тәжірибесін біріздендіруге бағытталған).

7.2 Тривиалды ма?

- 2) жоқ (арнайы негіздерді жүйелеу туралы тұжырым қарапайым сипатта емес, себебі ол әртүрлі құқықтық негіздердің мазмұнын ажыратып, оларды қолдану өлшемдерін нақтылауға мүмкіндік береді).

7.3 Жаңа ма?

- 1) иә (арнайы негіздерді жүйелеу туралы тұжырым жаңа, себебі ол борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздерін мазмұны мен құқықтық салдарына қарай нақтылауға бағытталған).

7.4 Қолдану деңгейі:

- 3) кең (арнайы негіздерді жүйелеу туралы тұжырым борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану туралы дауларды дұрыс саралауға

және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге ықпал етеді).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

**3-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді («күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту туралы ұсыныс негізді. Бұл ұғым мәмілелерді жарамсыз деп танудың уақыттық шектерін нақтылауға және құқық қолданудағы айқындықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ («күдікті кезең» ұғымын енгізу тек терминологиялық ұсыныс емес. Ол борышкердің банкроттыққа дейінгі мәмілелерін бағалаудың уақыттық шектерін нақтылауға бағытталған).

7.3 Жаңа ма?

1) иә («күдікті кезең» ұғымын дербес құқықтық категория ретінде заңнамаға енгізу туралы ұсыныс жаңашыл сипатқа ие).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең («күдікті кезең» ұғымын енгізу мәмілелерді бағалаудың уақыттық шектерін нақтылап, заңнамалық және сот тәжірибесінде қолдануға жарамды құқықтық өлшем қалыптастырады).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

**4-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (күдікті кезең мерзімін ұзарту туралы тұжырым кредиторлар құқықтарын тиімді қорғау және борышкер активтерінің негізсіз шығарылуына жол бермеу қажеттілігімен дәлелденген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (күдікті кезең мерзімін ұзарту туралы тұжырым жай ғана мерзімді ұлғайту емес, банкроттық рәсімдеріндегі құқықтық теңгерімді қайта қарауға бағытталған ғылыми ұсыныс болып табылады).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (күдікті кезең мерзімін қайта қарау туралы тұжырым

кредиторлар мүдделерін тиімді қорғауға бағытталған жаңа ғылыми ұсыныс болып табылады).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (күдікті кезең мерзімін қайта қарау туралы ұсыныс кредиторлар құқықтарын қорғау және борышкер активтерін сақтау тетіктерін жетілдіру үшін маңызды).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

**5-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (талап қою мерзімін жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы ұсыныс алдыңғы әкімшінің жосықсыз әрекеттері салдарынан кредиторлар мүддесі шектелмеуі үшін маңызды және негізделген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (талап қою мерзімін жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы ұсыныс банкроттық рәсіміндегі құқықтарды қорғаудың арнайы кепілдігі ретінде қарастырылады).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (талап қою мерзімін жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы ұсыныс банкроттық рәсімдеріндегі құқықтарды қорғаудың жаңа тетігін ұсынады).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (талап қою мерзімін есептеудің арнайы тәртібі банкроттық рәсімдерінде кредиторлар мүдделерін қорғау үшін сот және әкімшілік практикада қолданылуы мүмкін).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

**6-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы ұсыныс кредиторлар теңдігін сақтау және банкроттық рәсіміндегі әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан дәлелді).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (адал емес контрагенттің талаптарын соңғы кезекке жатқызу туралы тұжырым кредиторлар теңдігі мен әділдік қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін өзгерту туралы тұжырым банкроттық рәсіміндегі әділдік пен адалдық қағидаларын күшейтуге бағытталған).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы ұсыныс банкроттық рәсіміндегі әділдік пен кредиторлар теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә.

#### **7-тұжырым.**

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы тұжырым практикалық маңызға ие. Ол сот практикасын біріздендіруге және адал қатысушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау сот практикасын біріздендіру үшін маңызды. Бұл тұжырым адал қатысушыларды қорғау мен кредиторлар мүдделерін сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы ұсыныс сот практикасын біріздендіру және адал қатысушыларды қорғау тұрғысынан жаңа болып табылады).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау сот практикасын біріздендіруге және адал қатысушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <b>1) иә;</b> 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) иә;</b> 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>1) иә.</p> <p>Зерттеу барысында оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын, теориялық негіздерін және практикалық аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы заңи әдістер кешені қолданылған. Автор талдау, синтез, салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, жүйелік-құрылымдық және құқықтық талдау әдістерін пайдаланған. Аталған әдістер зерттеу пәнінің ерекшелігіне сәйкес орынды таңдалған және диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық сай келеді. Әдіснаманы кешенді қолдану диссертацияда жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми негізділігі мен дәйектілігін қамтамасыз еткен.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін және құқықтық ақпаратты өңдеу мен интерпретациялау тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор нормативтік-құқықтық актілерді, сот практикасын, ғылыми әдебиеттерді және салыстырмалы-құқықтық материалдарды электрондық дереккөздер арқылы талдап, жүйелеген. Компьютерлік технологияларды пайдалану зерттеу материалдарын жинақтауға, салыстыруға және ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берген. Алынған нәтижелер диссертация тақырыбына сәйкес өңделіп, авторлық қорытындылар мен ұсыныстарды негіздеуге пайдаланылған. Сондықтан диссертация нәтижелері қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу тәсілдері негізінде алынған деп бағаланады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс құқықтану саласында орындалғандықтан, теориялық қорытындылар құқықтық ғылымға тән зерттеу тәсілдері арқылы дәлелденген. Автор қолданыстағы заңнаманы, сот практикасын, ғылыми әдебиеттерді және салыстырмалы-құқықтық материалдарды талдау негізінде негізгі тұжырымдарын негіздеген. Зерттеуде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының азаматтық құқықпен, банкроттық рәсімдерімен және кредиторлар құқықтарын қорғау тетіктерімен байланысы көрсетілген. Бұл байланыстар диссертацияда жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігін растайды. Диссертациядағы теориялық</p>
----	---	--	---

		<p>1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>қорытындылар мен анықталған заңдылықтар жеткілікті түрде дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы негізгі ғылыми тұжырымдар сенімді дереккөздерге сүйене отырып негізделген. Автор отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, сот практикасын және салыстырмалы-құқықтық материалдарды жүйелі түрде пайдаланған. Зерттеуде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық және практикалық мәселелері азаматтық құқық пен банкроттық құқық саласындағы ғылыми көзқарастармен байланыста талданған. Негізгі мәлімдемелер мен қорытындылар тиісті ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті деңгейде қалыптастырылған. Автор отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, нормативтік материалдарды, сот практикасын және салыстырмалы-құқықтық дереккөздерді пайдаланған. Әдебиеттер тізімі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық және практикалық мәселелерін талдауға, сондай-ақ авторлық қорытындыларды негіздеуге мүмкіндік береді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолудың толықтығы мен мазмұндылығын қамтамасыз етеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <b>1) бар;</b> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын оңалту және банкроттық рәсімдерімен байланыста кешенді зерттеуінен көрінеді. Автор аталған институттың азаматтық-құқықтық негіздерін және банкроттық рәсімдеріндегі арнайы ерекшеліктерін талдаған. Жұмыста жасалған қорытындылар банкроттық құқық доктринасын дамытуға, борышкердің мүлктік массасын сақтау және кредиторлар құқықтарын қорғау мәселелерін ғылыми тұрғыдан нақтылауға ықпал етеді. Теориялық ережелердің оқу үдерісіне енгізілуі олардың ғылыми және білім беру саласындағы маңызын қосымша растайды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы оның оңалту және</p>

		<p>маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) иә;</b> 2) жоқ.</p>	<p>банкроттық рәсімдеріндегі нақты құқық қолдану мәселелерін шешуге бағытталуымен айқындалады. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар банкроттық заңнамасын жетілдіруде, әкімшілердің қызметін ұйымдастыруда және мамандандырылған экономикалық соттардың құқық қолдану тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар диссертация материалдары азаматтық құқық және банкроттық құқық пәндерін оқытуда, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуде және банкроттық рәсімдеріне қатысатын мамандарды даярлау барысында қолдануға жарамды. Алынған нәтижелердің оқу үдерісіне және практикалық қызметке енгізілуі олардың қолданбалы құндылығын растайды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Докторанттың зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Олар банкроттық заңнамасын жетілдіруге, құқық қолдану тәжірибесін нақтылауға және борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселелері бойынша практикалық шешімдер ұсынуға бағытталған.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына сәйкес орындалған. Мәтін ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі және баяндау логикасы сақталған. Автор құқықтық терминдерді орынды пайдаланып, негізгі тұжырымдарын нақты әрі дәйекті түрде жеткізген. Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Диссертациялық зерттеу өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен және практикалық маңызымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жұмыстың жекелеген тұстары бойынша төмендегідей ұсыныстар білдіруге болады:</p> <p>1. Автор құқық қолдану тәжірибесін жан-жақты талдаған. Сонымен қатар, борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану туралы істердің сандық көрсеткіштерін, олардың қанағаттандырылу деңгейін және жарамсыз деп тану негіздерінің тәжірибеде қолданылу жиілігін көрсететін эмпирикалық деректерді неғұрлым кеңірек пайдалану зерттеу қорытындыларының практикалық негізділігін одан әрі күшейте түсер еді.</p> <p>2. Оңалту және банкроттық рәсімдерінде әкімшінің күмәнді мәмілелерді анықтау, дәлелдемелер жинау және талап қоюдағы рөлін неғұрлым нақтылау орынды болар еді.</p> <p>Аталған ұсыныстар жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді, керісінше зерттеу нәтижелерін одан әрі дамытуға және олардың практикалық қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған.</p>	

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	С.И. Копжасарованың жарияланған 9 ғылыми еңбегі диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және зерттеудің негізгі нәтижелерін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің халықаралық дерекқорларда индекстелетін басылымда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда және ғылыми конференциялар материалдарында жариялануы олардың ғылыми апробациядан өткенін растайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Копжасарова Сағынгүл Избасаровнаның «Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілелерінің жарамсыздығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі теориялық тұрғыдан негізделген және практикалық маңызы бар нәтижелерді қамтитын аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми-біліктілік жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал автор «8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

**Ресми рецензент:**  
заң ғылымдарының кандидаты,  
«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер  
палатасы төрелік орталығының  
атқарушы директоры



**А.К. Калдыбаев**